

БЕКІТЕМІН:



«ULTIMATUM» БИ КЛУБЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Студенттік би клубы - қатысушылардың дарындарын дамытуға, олардың денсаулығын нығайтуға ықпал ететін бірлескен шығармашылық қызметте биге деген қызығушылықтар қауымдастығына негізделген білім алушылардың ерікті бірлестігі ретінде құрылды.

Студенттік клуб өз қызметінде университет жарғысын, студенттердің ар-намыс Кодексін басшылыққа алады.

2. Мақсаты

- 2.1 Білім алушылардың дене денсаулығын нығайту;
- 2.2 Клуб қатысушыларының техника мен хореография мен би негіздерін игеруі;
- 2.3 Білім алушылардың бос уақытын және демалысын ұйымдастыру;
- 2.4 Салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру;
- 2.5 Унисерситте білім алып, студенттік би клубында жүрген белсенді студенттердің қатарып көбейтіп, әр сабақ сайын дұрыс бағдар беру.

3. Негізгі міндеттері мен функциялары

- 3.1 Би билеуге байланысты бастапқы жүйелі сабақтарды қойып, уақытылы өткізу;
- 3.2 Университет қабырғасында өтетін мерекелік концерттерге дайындық сабақтарын жүргізу;
- 3.3 Қорытынды шығармашылық кештерді өткізу;
- 3.4 Студенттік би клубтағы жастарды университеттік, қалалық, республикалық деңгейлердегі жобаларға қатыстыру;
- 3.5 Ұжымда шығармашылық атмосфера құру, клуб пен университет мүлкіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу жөніндегі іс-шаралар;
- 3.6 Оқу жылы бойында өтетін би конкурстары мен жарыстарға студенттерді қатыстыру;
- 3.7 Тәжірибе алмасы мақсатында басқа да университет би ұйымдарымен және осы саладағы бишілермен кездесулер жасау;
- 3.8 Студенттік би клубының жылдық жоспарына сай іс-шаралардың уақытылы өтіп отыруын қадағалау және орындау.

- 3.9 Студенттік клубтың төрағасы жыл бойындағы танытқан белсенділігі мен қатысушылар арасындағы көшбасшылық қабілеттеріне қарай таңдалады;
- 3.10 Университеттің би клубы жұмыс барысын университет басшылығы мен студенттік үкіметпен үйлестіреді;
- 3.11 Студенттік би клубы өз мүшелерінің еріктілігі мен теңдігі, басқаруды орталықтандыру қағидаттарына сәйкес әрекет етеді;
- 3.12 Студенттік би клубы өз қызметін университет қабырғасында, қалалық, республикалық және халықаралық деңгейлерде көрсете алады.

4. Құқықтары

- 4.1 Студенттік клуб бағдарламасы шеңберінде дағдылар мен қабілеттерді дамытуға;
- 4.2 Студенттік клуб мүшелері қажетті ақпараттарды ала алады;
- 4.3 Студенттер қажетті білім мен тәжірибені алуға;
- 4.4 Клубтың дамуы мен дайындығы кезінде студенттер өз ойларымен еркін бөлісуге;
- 4.5 Студенттік би клубы жетекшісі дайындыққа себепсіз келмей жүрген, немқұрайлы қарайтын студенттерді клубтан шығаруға;
- 4.6 Жетекші би клубының дайындығына қатысты түрлі сұрақтар мен мәселелерді шешуге.

5. Жауапкершілігі

- 5.1 Студенттік клуб мүшелері осы ережені толық сақтауға жауапты;
- 5.2 Алдағы уақытқа қойылған жоспарлардың уақытылы орындалуына жауапты;
- 5.3 Еңбек тәртібін бұзғаны үшін сақтауға қабылданған немесе өндірістік мақсаттарда пайдаланылатын мүліктің сақталуы;
- 5.4 Студенттік клуб ережесінде қабылданған барлық бағытты сақтауға жауапты.

Құрастырған:

Е.М.Амантай
Тәрбие және әлеуметтік жұмыс
Департаментінің бас маманы

Келісілді:

А.А.Иванов
Корпоративтік және әлеуметтік
даму проректоры

Келісілді:

А.С.Турлыбекова
Тәрбие және әлеуметтік жұмыс
Департаментінің директоры